



ОӘЖ 37.039.

**Бөлетова Л.А.,
Қуатова Ж.**

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР ТӘРБИЕСІН ТАҢУ БАҒЫТТАРЫ

В статье раскрывается ряд перспективных направлений исследования воспитания современных школьников на традициях и обычаях казахского народа.

The member of perspective directions of researching of education of modern schoolchildren by Kazakh nations' tradition and customs are considered in this article.

Салт-дәстүрлердің қазіргі қоғамды дамытудың стратегиялық мақсаттарын, әсіресе оқушы-жастар тәрбиесіндегі жаңа міндеттерді шешудегі рөлі мен орны арта түсетін жағдайларда мектепте және отбасында салт-дәстүрлер тәрбиесінің негізгі бағыттарын айқындау мәселесінің көкейкестілігі маңыздылығы жоғарылайды. Тәрбиелік іс-әрекетті ұйымдастырудың әлеуметтік формасы болып табылатын, ғасырлар бойы жас ұрпаққа күрделі қоғамдық қатынастарға кіру үшін өте қажетті рухани сапаларды берудің негізгі механизмі болған салт-дәстүрлер қазіргі таңда өзіндік қоғамдық роль атқарады [1;2;3].

Отбасылық өмірді, жанұяда балалар тәрбиесін ұйымдастыру қазір негізінен салт-дәстүрлер тәрбиесіне сүйенеді. Алайда, қоғамдық тәрбиені ұйымдастырумен шұғылданатын, онда басымды роль атқаратын әлеуметтік ұйымдар, мысалы жалпы білім беретін мектеп жүйесі өзіндік тәрбиелік тетіктерімен жастарды әлеуметтендіру міндеттерін шешіп отыр. Бірақ, мектеп оқушы-лардың бойында жалпыадамзаттық маңызға ие болған құндылықтарды қалыптастыру ғана емес, ұлттық тәрбие мәселелерін шешуге де міндетті. Отандық мектептер инновациялық даму жағдайында білім беру мазмұнын жаңарту, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, педагогтар мен оқушылар іс-әрекеттерін оптимизациялау, білім беруді ақпараттандыру т.б. бағыт-тарда қаншама дамып-жетілгенімен, қазақ халқының рухани құндылықтары негізінде ұлттық тәрбие берудің әрқашанда өзектілігін, осы мәселені шешу мектеп дамуының әрбір кезеңінде өзіндік тәсілдерді қажет ететіндігін еш қашанда ұмытпау керек.

Мектеп тарихында салт-дәстүрлер тәрбиесіне әр бір кезеңде өзіндік тұрғыдан келу байқалады. Мысалы, ХХ ғасырның 20-30-жыл-дарында бірінғай кеңестік еңбек мектептерінде ұлттық салт-дәстүрлер мектеп бағдарламаларына кеңінен ендірілген. Ұлттық шаруашылық-мәдени дәстүрлер мектепте еңбек тәрбиесінің негізін құраған. Ғылымдар негіздерін игеруде де, мысалы математика, ана тілі, география т.б. сабақтарында да ұлттық салт-дәстүрлерде көрініс тапқан халықтық білімдер пәндік білімдерді меңгеруде мысалдар ретінде пайдаланылған. Мақсат балаларды ұлттық әлеуметтік ортада өмір сүруге дайындау болып табылады [4.12].

Кеңес мектебі дамуының бір неше он жылдары көлемінде қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері мектептегі білім беру мен тәрбие жұмысы мазмұнынан тыс қалып келгені мәлім. Ұлттық құндылықтарды жастарға насихаттауды ұлтшыл-дыққа бұратын мектеп саясаты кезінде де ұлттық салт-дәстүрлер оқушылар тәрбиесіне әсер ету күшін



жойғаны жоқ. Салт-дәстүрлерді зерттеген ғалымдар, әсіресе педагогика саласында оларды прогрессившіл және керітартпа (реакцион) түрлерге болып қарастырды. Кеңестік идеологияға сай келетін салт-дәстүрлер прогрессившіл салт-дәстүрлері ретінде бағаланды. Оларды гуманитарлық пәндер мазмұнына, мысалы «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қоғамтану» оқу пәндерінің оқу бағдарламаларына шамалы кірістіруге кедергілер бар. Бала тәрбиесінде оқушылар ұжымының жетекшілігі мойындалған, отбасы тәрбиесіне екінші дәрежелі рөл берілген кеңестік заманда да, егерде тереңірек қарайтын болсақ салт-дәстүрлер тәрбиесі өз маңызын, күшін жоғалтқаны жоқ. Қазақ мектептерінде ғана емес, өзге тілді мектептерде оқыған қазақ жастарында да шамалы түрде ұлттық сана, ұлттық мінез қалыптасты. Дегенмен, салт-дәстүр тәрбиесіне негізделген отбасы тәрбиесінің әсері күшті болды.

Егеменділіктің алғашқы жылдарында ұлттық жаңару процесі қоғамдық тәрбиенің бүкіл формаларында салт-дәстүрлер тәрбиесінің күшеюіне жол берді. Мектептерде қазақтың салт-дәстүрлерін жүйелі түрде меңгеруге бағытталған пәндік және сыныптан тыс жұмыстардың бағдарламалары жасалынып, енгізілді. Мектепте оқу пәндері бағдарламалары ұлттық салт-дәстүрлер материалдары мен толықтырылды. Салт-дәстүрлердің қоғамдық қызметі, оның тәрбиелік маңызы т.б. мәселелер мектепте гуманитарлық пәндерді оқытудың тұжырымдамалық негіздерінен айтарлықтай орын алғандығын ерекше атап өтуге болады.

Сондай-ақ, отбасы тәрбиесінің жеке тұлға қалыптасуындағы орны мен рөлі туралы дұрыс көзқарастар педагогтық қауымдастық тарапынан толық мойындалды. Салт-дәстүрлер тәрбиесі мектеп пен отбасының оқушылар тәрбиесіндегі біріккен іс-әрекетінің маңызды бағыттарының біріне айнала бастады.

Алайда, отандық жалпы білім беретін мектеп жүйесінің егеменділіктің жиырма жылында дамуы тенденцияларына сын тұрғысынан қарайтын болсақ, онда салт-дәстүр тәрбиесі өткен кезеңдермен салыстырғанда өзінің жоғары сатысына жеткенімен, әлі де болса мектептік білім беру мен тәрбие жүйесіне толық мағынада интеграцияланмағандығын байқауға болады. Мектепте салт-дәстүр тәрбиесінің қазіргі таңдағы жағдайын мынандай бағалау мүмкін:

1) қазіргі заман талаптарына толық сай келетін, салт-дәстүр тәрбиесіне негізделген қазақ ұлттық мектебінің моделі әлі де жасалымаған және тәжірибеге енгізілмеген;

2) жаһанданудың үдерістерінің мектептегі ұлттық тәрбие жүйесіне, оның өзекті бағыты болған салт-дәстүр тәрбиесіне ықпалы қазіргі мектептің оқушыларды тәрбиелеу тәжірибесінде айқын байқалатын, өз шешімін күтетін мәселе болсада, оған жеткілікті мән берілмеуде;

3) педагогикалық теорияда ұлттық тәрбие, салт-дәстүр тәрбиесінің әр түрлі жүйелері негізделіп, мектептердің жаппай педагогикалық іс-тәжірибесіне ұсынылып отырғанымен, түбінде бұл жүйелер мектепте жеткілікте қолданыс таппай отыр. Оның бір себебі, салт-дәстүрлер тәрбиесі мектеп өміріне тек қана «қосымша» ретінде кірістіріліп отыр. Салт-дәстүрлер тәрбиесінің қазіргі мектептің мектеп тәрбие үдерісіне табиғи түрде кіруіне кедергі болатын көптеген факторлар жүйе жасаушылар тарапынан жеткілікті ескерілмеген.

4) қазіргі таңдағы салт-дәстүрлер тәрбиесіне негізделген тәрбиелік жүйелер оқушыларды тәрбиелеудің кейбір бағыттары бойынша тәрбиелік міндеттерді шешуге арналған, салт-дәстүрлер тәрбиесінің тәрбиелеуге кешенді түрдегі әсері жете ескерілмеген. Мысалы, тәрбиелік жүйелер авторлары салт-дәстүрлер тәрбиесін оқушыларды адамгершілікке, еңбекке тәрбиелеу, эстетикалық немесе патриоттық, экологиялық тәрбие беру міндеттерін шешуге бағытталған. Ал, салт-дәстүрлер тәрбиесі арқылы бір мезгілде оқушылар тәрбиесінің бір-бірімен тығыз байланысқан бірнеше бағыттары міндеттерін шешу мүмкіндіктері назардан тыс қалған.

5) мектепте оқушыларды тәрбиелеуді толығымен салт-дәстүрлер тәрбиесі негізінде құру мүмкін емес. Бірақ, салт-дәстүрлер тәрбиесі оқу-тәрбие үдерісіне жасанды түрде емес, органикалық кіруіне қол жеткізу туралы көбірек ойлау керек;

6) салт-дәстүрлер тәрбиесі отбасында баланың әлеуметтік рөлдерді меңгеруінің, оны тәрбиелеу іс-әрекетін ұйымдастырудың жетекші формасы екендігі жеткілікті дәрежеде ескерілмеген. Салт-дәстүр тәрбиесінде отбасы мен мектеп тәрбиесінің сабақтастығы проблемасына қазіргі мектеп тәрбие жүйелерінде аз көңіл бөлінген.

Атап айтқанда, мектепте салт-дәстүр тәрбиесін жандандыруды мектеп-отбасы педагогикалық ынтымақтастығынан тыс қарау мүмкін емес. Отбасында салт-дәстүр тәрбиесінің педагогикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдайлар жасау керек. Бұл жұмыс, тәрбиелік құзыреттіліктері жеткіліксіз болған ата-налардың әр қашанда қолынан келмейді. Әсіресе, жас ата-аналардың өздері салт-



дәстүрлерді жақсы білмейді, немесе салт-дәстүр тәрбиесін отбасылық өмірдің, бала тәрбиесінің құдіретті құралына айналдыруға әлсіз. Сондықтан, мектеп отбасында салт-дәстүр тәрбиесін белсендіруге ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы көмек көрсетуі қажет.

Өз кезегінде, мектеп салт-дәстүрлерді мектептік тәрбие жүйесін өмірмен байланыстарын күшейту, ұлттық тәрбие міндеттерін шешу мақсаттарында пайдаланады. Отбасы тәрбиесіне негізделмеген мектептік салт-дәстүр тәрбиесі күтілетін нәтижелер бермейді. Мектепте салт-дәстүр тәрбиесінің жемісті болуы, өз кезегінде ата-аналардың көмегін қажет етеді. Тәрбие жүйесін жобалауда ата-аналар бесенділерінің қатысуы, олардың кеңестер беруі, мектепте салт-дәстүр тәрбиесін іске асыруда аталар, әжелер, әкелер, аналар т.б. ересектердің үнемі болуы әдетке айналуы керек.

Сонымен, мектепте салт-дәстүрлер тәрбиесін тану оның мынандай бағыттарын зерттеуге ерекше назар болуды талап етеді:

1) қазіргі мектеп тәрбие жүйесінде салт-дәстүр тәрбиесінің рөлі мен орны және оны оқушылар тәрбиесіне табиғи (органикалық) кірістіру мүмкіндіктері;

2) жаһандандудың үдерістерінің мектептегі ұлттық тәрбие жүйесіне, оның өзекті бағыты болған салт-дәстүр тәрбиесіне ықпалы;

3) мектептегі инновациялық процестерде салт-дәстүр тәрбиесінің алатын орны;

4) салт-дәстүр тәрбиесінің мектепте оқушылар тәрбиесінің негізгі бағыттарымен (ақыл-ой, адамгершілік, еңбек, эстетикалық, дәне тәрбиелері, экономикалық, экологиялық, саяси, құқықтық, жыныстық тәрбие т.б.) байланысы. Осы бағыттар міндеттерін кешенді түрде іске асыруда салт-дәстүрлер тәрбиесінің мүмкіндіктері;

5) мектеп тәрбие үдерісіне салт-дәстүрлерді ендірудің әлеуметтік-психологиялық, ұйымдастырушылық-педагогикалық механизмдері;

6) мектептің әр түрлі сатыларында салт-дәстүр тәрбиесінің ерекшеліктері, қиындықтары және олардың алдын алу мен жеңуі;

7) отбасында салт-дәстүрлер тәрбиесін белсендірудің жолдары;

8) ата-аналардың салт-дәстүрлер тәрбиесі мәселелері бойынша білімдері мен іскерліктерін дамыту;

9) мектепте салт-дәстүрлер тәрбиесін ұйымдастыруда ата-аналардың қатысуын белсендіру.

Салт-дәстүрлер тәрбиесін тану – кешенді ғылыми проблема. Әдетте педагог-зерттеушілер бұл мәселені тек педагогикалық тұрғыдан шешуге тырысып, оның көптеген қырларына назар бөлінбейді. Сондықтан да, зерттеу нәтижелері өмірден алыс, абстрактты, немесе утилитарлық педагогика көрініс табады. Біздің пайымдауымызша, балалық шақ этнографиясы, әлеуметтік психология, мәдениеттану салаларындағы салт-дәстүрлер тәрбиесіне қатысты құнды зерттеулерге сүйенетін педагогикалық қорытындылар, салт-дәстүрлер тәрбиесіне шынайы өмірлік тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Сонда ғана, салт-дәстүрлер тәрбиесі мектеп тәрбие жүйесіне «қосымша» қызметін емес, оған табиғи түрде интеграцияланатын жүйеге айналады.

Әдебиеттер:

1. Бөлеев Қ. Болашақ мұғалімдерді оқушыларға ұлттық тәрбие беруге кәсіби дайындау. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2004.

2. Төлеубекова Р. Бала тәрбиесіндегі халықтық педагогика. - Алматы: РБК, 1994.

3. Калыбекова А.А. Теоретические и прикладные основы народной педагогики казахов. – Алматы: БАУР, 2005.

4. Алметов Н.Ш. Теоретико-методологические основы использования дидактических возможностей народной педагогики в учебно-воспитательном процессе школы / Автореф.дисс....докт.пед.наук.- Шымкент, 2010.